

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "12 жылдық білім беру проблемалары республикалық ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 27 шілде N 839.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына сәйкес және Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру кеңістігіне енуін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "12 жылдық білім беру проблемалары республикалық ғылыми-практикалық орталығы" (бұдан әрі - кәсіпорын) республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны құрылсын.

2. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні мыналар болып белгіленсін:

1) 12 жылдық білім берудің әдіснамасы мен мазмұндық теориясы негіздерін анықтау;

2) 12 жылдық білім беруге көшу проблемалары бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу;

3) білім беру саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның Жарғысын бекітуді және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*